

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ТИІМДІ ТҰСТАРЫ

МЕН ОҒАН ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Бұл мақалада дамыған елдердің тәжірибелеріндегі «Медиация» институтының алатын орны айқындалып, оның Қазақстан үшін пайдалы жақтары қарастырылған. Сонымен қоса, медиацияда басшылыққа алынатын негізгі бес қағиданың орындалу деңгейімен медиацияға тараптардың қолжетімділігі туралы мәселелер қозғалған. Соның ішінде, адвокаттық қызмет пен медиаторлар қызметіне құқығы бұзылған тараптың жүгіну ерекшеліктері айқындалып, тәжірибедегі адвокаттық қызмет пен медиаторлардың алатын орны ескерілген. Медиаторларды оқу курстарынан өткізу қажеттілігі және жергілікті жерлерде медиаторлардың тапшылығы салдарын жою жолдары қарастырылған. Қазақстандағы медиатордың сот ісін жүргізудегі және дауласушы тараптар үшін тиімді тұстары зерттелген, медиация институтының дамуы және оны жетілдірудің жолдары ұсынылған.


Түйінді сөздер: қылмыстық процесс, медиация, медиатор, институт, сот, судья, сотқа дейінгі тергеп-тексеру, тараптар, бітімгерлік, делдал.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев судьялар Одағының V съезінде сот тәртібімен қаралуға жататын шағымдарды азайту мәселесіне назар аударуды, даулар мен шиеленістерді соттан тыс реттеудің баламалы тетіктерін, соның ішінде бітімгершілік және медиация процедураларын енгізуді тапсырған болатын. Осыған орай, 2011 жылдың қаңтар айында Елбасы қол қойған «Медиация туралы» заң сол жылдың 5 тамызынан бастап күшіне еніп, қолданылып келеді. Әркімнің өзінің құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар болғанымен¹ сот процесін жеңілдету мақсатында медиация институтын дамытуға бағытталған заң аясындағы құқықтық базаның қабылдануын қамтамасыз етуді, даулар мен шиеленістерді соттан тыс реттеудің осы тетіктерін дамыту мақсатында медиаторлардың ұлттық конференциясын өткізуді тапсырды. Әлемде медиацияны азаматтық талаптарға, тұтынушылардың наразылықтарына, еңбек қатынастарынан туындаған шиеленістерге, отбасылық мәселелерге, т.б. қатысты қолданады.

Елімізде медиация жеке, заңды тұлғалар арасындағы азаматтық,

© Ж. Д. Зұлпыхар, 2015

¹Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы республикалық референдумда қабылданды // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. www.adilet.zan.kz/ 2015 ж.



Ж. Д. ЗҰЛПЫХАР,
ҚазГЗУ қылмыстық іс жүргізу құқығы
және криминалистика кафедрасының оқытушысы, з.ғ.м.

еңбек, отбасылық және басқа да құқықтық қатынастарға, сонымен қатар онша ауыр емес және орта ауырлықтағы қылмыстық істерге қатысты пайдаланылады. Жалпы медиация институтының дамуы еліміздегі сот істерін азайтып, қоғамдағы шиеленістердің тез шешілуіне септігін тигізетіндігі даусыз.

Әлемде медиация XX ғасырдың екінші жартысынан бастап пайдаланыла бастады. Алдымен АҚШ, Австралия, Ұлыбританияда басталған бұл институт кейін Еуропаның басқа елдерінде кең қанат жайды. Алдымен отбасылық шиеленістерді шешуден басталған медиация процедурасы кейін ірі-ірі коммерциялық, бұқаралық саладағы шағымдарды шешуге бағытталды.²

Қазір АҚШ-та, Австралияда, Еуропаның бірқатар елдерінде барлық даулардың үштен бір бөлігі медиацияның көмегімен реттеледі.

АҚШ-та экономика, саясат пен бизнес саласындағы маңызды келіссөздердің бір де бірі медиатордың қатысуынсыз өтпейді. Сондықтан Америкалық ірі корпорациялар қандай да бір шиеленістерді шешу үшін міндетті түрде алдымен медиатордың көмегіне жүгінеді.

Ұлыбритания тәжірибесінде сот тарапынан ұсынылған медиатордан бас тартқан тарап сот шығындарының барлығын өтеуі міндетті. Ал, Германияның барлық құқық мектептерінде тұрақты медиация курстары оқытылып тұрады екен. Бұл да біздің тәжірибемізге кіргізуге қажетті жаңалық деп атап кетуге болады. Үндістанда медиация барысында жасалған келісімнің күші төрелік соттың келісімінің күшімен бірдей. Қытайда – арыз-шағымдардың 30 пайызы соттан тыс тәртіпте реттеледі. Жапонияда медиация процедурасы ертеден қолға алынған.

Медиатор – латын сөзі, қазақша баламасы «делдал», «бітімгер» дегенге келеді. Медиатор аққа ақ деп жақтаспайды, қараны қара деп қараламайды, екі жақты тыңдап, татуласуына, бір-бірін кешіруге жәрдемдеседі.

Яғни, медиатор екі адамның арасындағы ренішті жібітіп, бітімге шақырады, екі тарапқа қолайлы ортақ шешім қабылдауға және арызды сотқа жеткізбей шешуге көмектесетін тұлғаны айтамыз. Нақты заңға сүйене отырып анықтама беретін болсақ, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодекстің

88-1-бабының 1-бөлігіне орай, тараптар заңның талаптарына сәйкес медиацияны жүргізу үшін тартатын тәуелсіз жеке тұлға

² Жорабаев М. Еңбекші аудандық сотының судьясы. Қылмыстық істе де келісім қарастырылған // Заң газеті. № 55 (2449). 2014 ж. – 6 б.

медиатор болып табылады.³

Ал, медиация институты былайша айтқанда, бейбіт келісімге келу, яғни кінәлілерді іздеу емес, дауды бір мәмілеге келу арқылы шешу.

Медиация – тараптар арасындағы дауды шешу үшін үшінші бейтарап тұлғаның жәрдемдесуімен дауды реттеу рәсімін толығымен бақылап, қабылдаған шешімнің шарттарын өзара келісе отырып анықтайтын, икемді де құпия процесс. Бітімгершілік институты – кешегі билер сотының өркениеттік үлгісі деп қабылдаған жөн.

Әрбір судья, тергеуші мен анықтаушылардың қарауында талай істер бар. Сол істер бойынша қабылданатын шешімдердің сапасын өсірудің бір жолы – істердің санын азайту. Ал, дауласушы тараптар болса, уақытты оздырмай медиация институты арқылы мәселелерін шешуге құқылы. Айталық, сот болсын, тергеу орны болсын, олардың істі қарауға берілген өз мерзімі бар. Тіптен ол айларға созылуы мүмкін. Екі жақ та даулардың шешімін айлап күтеді, сосын қанша рет сот тағайындалса, сонша рет барып қатысып жатады. Мұның бәрі уақыт шығынына әкеп соқтырады. Сондықтан менің ойымша: «Медиация институтының арқасында соттардың жұмысын азайту ғана емес, бұдан сот шешімінің сапасы да өседі» деп ойлаймын. Бұл қазіргі таңда шығып жатқан сот шешімдерінің сапасы жоқ дегенді білдірмейді, керісінше сапасы одан әрі өседі деген сөз. Сотта қаралатын істерге екі тарап та медиацияны таңдап, сотқа шағым бермей тұрып медиаторға жүгініп жатса, бұл сотта қаралатын, қаралып жатқан істердің азаюына әкеліп соғатыны сөзсіз. Медиация арқылы дау шешілмеген жағдайда, тараптардың сотқа жүгіну құқығы әрқашан да сақталады. Біріншіден, медиаторлар арасындағы істер заңмен анықталса да медиаторға жүгіну-жүгінбеуді тек қана тараптар шешеді. Иә, қылмыстық істер бойынша тек қана ауыр-лығы онша емес және ауырлығы орташа қылмыстық істер бойынша медиация қолдануға болады.

Медиациялық тәртіптің негізгі мақсаты – тараптардың шиеленіс деңгейін төмендету және даудың екі жақты да қанағаттандыратын шешіміне қол жеткізу. Медиацияның тараптары жеке және заңды тұлғалар болуы мүмкін. Медиатор медиация тарабы болып табылмайды. Медиация сотқа дейінгі тәртіпте және азаматтық, еңбек, отбасы, басқа құқықтық қатынастардан туындайтын шиеленістерде, онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстық істер бойынша қарастырылатын дауларда қолданылады. Медиатор басшылыққа алатын негіз болатын 5 қағидамен ерекшеленеді – еріктілік, содан кейін тараптардың тең құқығы, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы, медиация рәсімімен араласуға жол бермеушілік және құпиялылық. Сол еріктілік қағидаты бойынша біріншіден, қылмыстық іс немесе азаматтық дау болсын, сондай-ақ еңбек, отбасы, жер даулары, басқа да дауларды алдымен шешетін тараптар. Бару – бармауы өз еріктерінде.

Адамдар сотқа арызданып, сотта іс жүріп жатқан кезде медиация көмегіне жүгінем десе, істің қаралуы тоқтатылады. Медиация бітімгершілікпен аяқталғаннан кейін баж салығы қайтарылатынын ескерсек, бұл процедура алдымен заңды тұлғаларға тиімді. Себебі, жеке тұлғаларға қарағанда заңды тұлғалар баж салығын бірнеше есе көп төлейді. Әрі заңды тұлғалардың медиация процедурасына жүгінуі арқылы шиеленістерге қатысты ақпаратты сыртқа шығармауға, өзінің іскерлік беделін сақтап қалуына мүмкіндігі бар.

Қазіргі кезде адамдар медиация жайлы көп біле бермейді, сондықтан

³Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231 V ҚРЗ // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. www.adilet.zan.kz/ 2015 ж.

медиаторларға жиі жүгінбейді, сол жөнінде сұрақтар туындаған кезде, олардың заңгерлерге ақша төлеп қойғандықтарын, заңгерлердің ғана шешіміне бас ұратындықтарын айтады, яғни қызметі қымбат тұратын заң қорғаушысының көмегіне жүгініп жүреді. Бұл орайда медиация жайлы халыққа көбірек насихаттау керек.

Қазақстанда медиация туралы заңның шын мәнінде жұмыс істеп, іргелі құқықтық институтқа айналуы ең алдымен медиатор тұлғасына байланысты. Кімнің медиатор бола алатыны, оның жұмыс істеу механизмі туралы заңда айқын көрсетілген, ол ешқандай түсініспестік не дау туғызбайды.

Медиация тақырыбы баспасөз бетінде аз қозғалып отырған жоқ. Бұл тақырыпқа, оны насихаттауға қоғамның басқа өкілдерімен қатар судьялар да атсалысуда. Бірақ бүгінгі күні негізінен теориялық тұрғыдан насихаттау бар, ал іс жүзіндегі тәжірибе аз. Бұл жерде басты мәселе медиацияны тараптарға қалай ұсыну, олардың арасына қалай кіргізуде болып отыр.

Заңға сәйкес медиация рәсіміне қатысудың шарты тараптардың өзара ерікті ниет білдіруі. Бұл әрине түсінікті қағидат. Дегенмен екі тарап өзара ерікті ниет білдіріп отырса олар медиатор іздемей-ақ мәселелері өзара шешіп кете бермей ме? Көбіне солай болады да, араға ағайын салады, кісі жүреді. Осының өзі сайып келгенде медиация емес пе? Кемшілігі тек ортада ағайын медиатор ретінде заңға сәйкес тіркелмеген, жазбаша келісім шарты жоқ, бәрі ауызша орындалатын процесс.

Медиация туралы заңның 20-бабының 3-бөлігінде судьяның, қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың тараптарды медиацияға мәжбүрлеуге құқығы жоқ деген. Ал, осы баптың 4-бөлігінде тарапқа медиацияға жүгінуге ұсынысты басқа тараптың өтініші бойынша сот жасауы мүмкін делінген.⁴

Яғни, тараптарды медиацияға жүгіндіру үшін сотқа бір тараптың ғана өтініші жеткілікті екен. Ал, егер ондай өтініш түспесе не істеуге болады? Бұл жағдайда сот істің мән-жайын қарап, медиатордың функциясын шын мәнінде өзіне ала отырып, тараптарға істі бітімгершілікпен бітіретін мүмкіндіктері бар екендігін ескертіп отыруға әбден мүмкіншілігі бар. Бірақ, бұл кезде мәселенің жағымсыз қыры, яғни тараптардың сотқа деген сенімсіздігі туындауы мүмкін.

Біз медиацияны әрине қолдаймыз, медиация шын мәнінде іске асса, одан судьялардың ұтары көп. Бірақ, заңға сәйкес тараптарға медиацияны таңдаңыз деп бұйыра алмаймыз. Сондықтан медиацияны қолдануды сотқа дейін міндеттеу мәселесін қолға алса жағдай басқаша болар еді. Сот процесінде АІЖК-ң 49-бабына сәйкес, тараптарға дауды медиация тәртібімен реттеу туралы құқығын түсіндірудің нәтижесі аз. Себебі халық медиацияны білмейді, білген күннің өзінде оған сенім аз, ауылдық жерде тіркелген медиаторды табу да оңай шаруа емес.⁵

Қазіргі таңда медиация институтының жұмысы өте төмен деңгейде. Олай деуіме бірден бір себеп, Қазақстан Республикасы Адвокаттар Одағының Президенті, ҚР республикалық адвокаттар алқасының Төрағасы, адвокат А.Қ.Түгелдің ҚазГЗУ оқытушыларына арналған сәби даму бағдарламасы бойынша өткен семинарда айтқан сөзінде: Адам және азаматтардың Конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға құқықтық көмек көрсететін адвокаттар институтының құрылғанына қанша уақыт өтті. Бірақ, құқық қорғау

⁴Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. www.adilet.zan.kz/ 2015 ж.

⁵Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі./1999 жылғы 13 шілдеде қабылданған № 411 Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. www.adilet.zan.kz/ 2015 ж.

органдарында оларға арналған арнайы жеке кабинет жоқ. Ал, күні кеше ғана құрылған медиаторлардың сот мекемелерінде өздерінің жеке кабинеттері бар. Бұл сот органдарының медиация институтының дамуына, азаматтардың қол жетімділігін арттырудағы ықпалы шығар. Бір жағынан өздерінің де алдына келіп жатқан істердің азайып, сотқа дейінгі сатыда медиация көмегімен шешіліп кетуін қалайды. Бірақ, олар азаматтардың сұранысында жоқ. Бұл ақиқат. Арызданып, құқықтарын даулап келген азаматтарды сот органдары медиатордың кабинетіне нұсқағанмен, қанында қалыптасып қалған дауласушы қазақ елі үшін медиаторлар жат көрінеді. Құқығы бұзылған азамат адвокат іздемесе, медиатор іздеп әуре болған емес бұл заманда. Сондықтан медиация институтының құрылғанына біраз жылдың көлемі болғанмен, оның іс жүргізудегі қызметі әлі жоғары деңгейде жүріп жатпағандығын айтады. Осы сөздерді толықтыра түскен, Астана қаласы адвокаттар алқасы біліктілік комиссиясының Төрайымы, адвокат Е. И. Беда былай дейді: Медиаторлар өздерін қашанда жарнамалап жүреді. Олардың құқықтық статусы заңда бекітілгенмен, тәжірибеде оларға деген сұраныс төмен деңгейде. Сондықтан, олар дауласушы тарапты кейде өздері іздейтін кездері болады деген мысалдарды келтіреді. Ал, заңанама тұрғысынан алатын болсақ, заң ғылымдарының докторы, профессор А. Н. Ахпановтың айтуы бойынша Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық-процестік кодексіне медиацияны дамытудың процессуалдық-құқықтық механизмдері қарастырылмаған дейді.⁶ Жалпы заңнама тұрғысында да өмірлік тәжірибеде де медиацияның рөлі әлі де төмен екенін көрсетіп отыр.

Қазіргі қолданыстағы «Медиация туралы» Заңның 16-бабына сәйкес, әкімдердің бұл бағыттағы жұмысы медиаторлар тізілімін жүргізумен ғана шектелген. Егер, әкімге «мен медиатор болғым келеді» деп ешкім келмесе, әкім бұл шаруаны жылы жауап қоя салады, себебі бұл оның міндетіне кірмейді.³ Бұл жеткіліксіз. Өз ауылында медиатор болғаны ауыл, аудан әкіміне де тиімді. Сондықтан, медиаторды әрбір ауыл, аудан, қала әкімдері өздері не қарамағындағы қызметкерлерге тапсырмаға, жоспарға енгізіп, оларды тауып, дайындауы, оларды насихаттауы тиіс деп ойлаймын. Сонда соттың да бейтараптығы сақталады. Бұл ретте кәсіпқой емес медиаторлардың алатын орны айрықша. Себебі, бұл ауылдық жерлерде медиация институтын дамытуға мүмкіндік беретін бірден-бір тұлға.

Әкімдер тек келген адамдардың тізімін жүргізумен шектелмей өздеріне бекітілген аумақтарда шиеленістер туған жағдайларда тараптарға міндетті түрде дауды медиация жолымен шешу мүмкіндігін түсіндіріп отырғаны жөн болар еді. Себебі, ауылдық жерде өмірден көріп отырғанымыздай көп дауды сол жерде, ауылдан шығармай-ақ шешуге мүмкіндік бар. Бұл өз кезегінде ең алдымен болмашы даудан ағайын арасының ашылмауына, сонымен бірге соттардың жұмысын жеңілдетуге себеп болар еді. Мұны нақты жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Себебі, әр ауылдың өзінің ақсақалы, жөн сілтер ағасы бар. Одан басқа шиеленістерді шешу үшін биге бармай тұрып, бірінші ауыл ағасына, данышпан ақсақалдарға, қадірлі азаматтарға жүгіну де бұрыннан бар дәстүр.

Ол ең алдымен, белгілі бір ортада, тұрғылықты халық арасында құрметке бөленген, дауласушылардың алдында беделі бар адам. Кәсіпқой емес медиаторлар медиацияны тегін жүзеге асырады. Дегенмен, кәсіпқой емес медиаторларға медиацияны жүргізуге байланысты медиатор шеккен шығыстар, оның ішінде дау қаралатын жерге жол жүру ақысын төлеуге, қонақ үйде тұруға және тамақтануға

арналған шығыстар өтеледі. Сонымен қатар, оларды ынталандыру үшін мемлекет тарапынан қаражат бөлу де артық болмас еді.

Сонымен қоса, кәсіби медиаторларды дайындауды да назардан тыс қалдырмауымыз қажет. ҚР Жоғарғы соты және БҰҰ Қазақстандағы даму бағдарламасымен бірлескен «Қазақстан медиация институтын енгізу» жобасы шеңберінде 2013 жылы БҰҰ сұранысы бойынша Халықаралық құқық қорғау орталығы Қазақстан аймағындағы медиаторларға оқу курсы жүргізген болатын. Бұл іс шара сонымен шектелмей неге жалғасын тауып, одан әрі Қазақстанның әр-бір қаласында, елді мекендерінде іс жүзіне асырмасақ? Бұл да медиаторлардың кәсіби деңгейінің жоғарылауына, халықтың осындай медиаторға деген сенімінің артуына септігін тигізеді.

Жалпы Қазақстандағы медиация институтының тиімді тұстары мен оған тараптардың қолжетімділігін арттырудағы мәселелерді зерттеуде шет елдік тәжірибелерді басшылыққа ала отырып қорытынды шығаруды жөн санадым. Халықаралық тәжірибелерге сүйенетін болсақ, Малайзияда мәмілегерлік арқылы сотқа жетпей бітім жасалатын істер саны 90 пайызды құрайды екен. Тек 10 пайыз іс қана сот төрелігіне жатады. Ал, Англияның сот жүйесінде медиация арқылы 50 пайыз іс шешімін тауып жатыр. Осынау әділ жүйенің отаны саналатын Қазақстанда әзірше бәрі керісінше, 90 пайыз іс бір ғана сот үкімін күтеді. Ал, бітімгершіліктің үлесі 10-ақ пайызды құрап отыр.⁷

Неге көрсеткіш төмен, жұмыс атқарылмай жатырма, жоқ бұл институттың тиімділігі біздің елдің жүйесіне тиімді емес пе? деген сұрақтар туындайды. Жоқ, медиацияның тараптар үшін тиімді жақтары өте көп, оны былай тізбектеп шығуға болады:

1. Ерікті түрде медиатордың көмегімен даулы құқықтарын қалпына келтіру;
2. Екі жақтың көзқарасымен дауды бір мәмілеге келу арқылы шешу;
3. Кінәлілерді іздемейді;
4. Сот процесіне жеткізбей уақыттың үнемделуі;
5. Тараптардың тең құқығы;
6. Ешкімнің де іске араласуына жол бермеушілік және құпия-лықтың сақталуы;
7. Бітімгерлікпен аяқталса баж салығының қайтаруы.
8. Жеке не іскерлік беделдің сақталуы;
9. Тараптардың жүйкесі мен денсаулығының үнемделуі.

Ал, енді медиация институты іс жүргізуде қандай пайда береді деген сұраққа, мынадай жауаптар айтуға болады:

Біріншіден, соттың қатысуынсыз жеке, тәуелсіз тұлғаның делдалдық етуімен істің шешілуі;

Екіншіден, онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстар бойынша соттың қарауына түсетін істердің санының азаюы;

Үшіншіден, судьяның уақытының үнемделуі;

Төртіншіден, сотта медиация институтына жүгінсе, істің тоқтатылуы;

Ұрыс бар жерде ырыс болмайды демекші, шиеленіс ешқашан ешкімге жақсылық әкелген емес. Бірақ ел іші даусыз болмайтындығы тағы бар. Оны шешетін бұрын дәстүрлі дала билері болған, ара ағайындар, бітімге шақыратын ел ішіндегі беделді кісілер болды. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би секілді дала демократтары, «туғаны жоқ» тура билердің елдегі бірлік пен татулықты сақтау үшін қара қылды қақ жарып, төбе билік көрсеткен өз заманының азаматтары болған. Қазір дау туа қалса бұрынғыдай ел ішіндегі

⁶Ахпанов А. Н. Конструктивно-критический подход к проекту к новой редакции УПК РК // Право и государство. №3 (60), 2013. – 51-55 с.

⁷Қ. Қазы. Неге «мәмілегер» демеске?! // Республикалық қоғамдық-саяси ақпараттық газет. Алаш айнасы. №137 (589), 2011. – 4 б.

ақылды төрелік көрсете білетін адамдарға бармайды. Істі болып, басы ауырғанның қазіргі барар жері құзырлы мекемелер мен құқық қорғау органдарына, сотқа жүгінеді. Егер, әр-бір басына іс түскен азамат сол күрделі мәселенің заңды әрі оңтайлы, ұтымды жолын таңдай білсе кез-келген іс тез әрі сол тараптардың қажеттілігін алуына мүмкіндік берер еді. Ертеде кейбір келіспейтін даулар болса, екі жақтан сұрайды екен, сенде қыз бар ма, сенде ұл бар ма деп. Екі жақты құда етіп, даудың бетін қайтарған оқиғалар да болған деседі. Ал, қазір медиацияны қолдануға байланысты бір мысал келтіретін болсақ, некені жалғастыруға, ата-ана құқықтарын жүзеге асыруға, балалардың тұрғылықты жерін белгілеуге, ата-аналарының балаларды бағып-күтуге салымына қатысты ерлі-зайыптылар арасындағы келіспеушіліктер осы медиация арқылы кейбір жерде шешімін тауып жатса керек. Қазір соттың міндеті бір тараптан екінші тарапқа материалдық шығынын алып беру болса, ол кездегі дауларды шешетін тұлғаның мақсаты тек екі жақты татуластырып, ертең екеуі бір-біріне ала көз болмауын, кейін қайта жауласпауларын қамтамасыз ету болған. Ал, енді осы заманғы қабылдаған медиация туралы заң біздің болмысымызға сәйкес азаматтардың мүдделерін аяққа таптамай, керісінше екі жақтың да ақ батасын алатындай дәрежеде жұмыс жасай алады деп сенім білдіремін.

Ж. Д. Зұлпыхар: Эффективные стороны института медиации в Казахстане и проблемы повышения доступности института сторонам.

В статье определяется роль института «Медиации» в практике развитых стран, а так же, рассматриваются его преимущества в

Казахстане. Кроме того, автор затрагивает вопросы об уровне исполнительности пяти руководящих принципов в посредничестве и доступе стороны к посредничеству. Отмечаются особенности обращения к адвокатской и медиаторской услуге со сторон граждан, права которых были нарушены. Обращено внимание на необходимость проведения учебных курсов для медиаторов и на решение проблемы отсутствия медиаторов в областях. Отмечена эффективность медиации и для примирения спорящих сторон, предложены пути развития и улучшения медиации в Казахстане.

Ключевые слова: уголовный процесс, медиация, медиатор, институт, суд, судья, досудебное производство, стороны, миротворчество, посредник.

Zh. Zulpikhar: The effective sides of mediation institution in Kazakhstan and the issues of improving of accessibility of the institute for parties.

The article clarifies the role of institute “Mediation” in practice of developed countries, and its advantages in Kazakhstan are considered. It also covers such issues as a level of performance of five guiding principles of mediation and access of the parties to mediation. In particular, features of turning to advocacy and mediation services from citizens, whose rights have been violated, are clarified. Author reviewed necessity of passing of preparatory courses for mediators and ways of solving problem of mediators' absence in local areas. Effectiveness of mediation in reconciliation of contending parties, ways of solving and improving of mediation in dispute are noted.

Keywords: criminal trial, mediation, mediator, institution, court, judge pretrial proceedings, parties, peacemaking, mediator.

НОВЫЕ КНИГИ

Ваше право на здоровье: Народный справочник / Под редакцией Б.Н. Туменовой. Алматы: Издательство «Art Depo studio», 2014. – 112 с.

Первое издание публикации «Ваше право на здоровье (Народный справочник)» было выпущено при финансовой/экспертной поддержке Фонда Сорос-Казахстан. Учитывая то, что эта публикация вызвала большой интерес, как со стороны пациентов, так и медицинских работников ОФ «Аман-саулык» было принято решение ее доработать и выпустить большим тиражом.

Второе издание публикации «Ваше право на здоровье (Народный справочник)» выпущено на средства благотворительной помощи казахстанского бизнеса, что является положительным примером социальной ответственности и партнерства.

Цель данного информационно-справочного материала – повысить осведомленность населения о существующих правах и обязанностях, как пациентов, так и медицинских работников, и об основных механизмах защиты прав граждан при оказании им медицинской помощи в учреждениях здравоохранения.

В информационно-справочном материале приводятся систематизированный обзор различных нормативных актов Республики Казахстан, касающихся медицинских услуг в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи. Граждане смогут из представленных материалов получить разъяснения, какие медицинские услуги, лекарственные средства, изделия медицинского назначения и специализированные лечебные продукты они имеют право получить бесплатно.

Рецензенты: Шарманов Т.Ш. – Президент Казахской академии питания, д.м.н., профессор; Измухамбетов Т.А. – Заслуженный работник здравоохранения РК, к.м.н.

